

«Бекітілді»  
«Еуразиялық Сауда Жүйесі»  
тауарлық биржасы» АҚ  
Басқармасының шешімімен,  
хаттама № 1611  
«07» қыркүйек 2022 жылы

## **ТӘРТІП**

**«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ-ның деректерді автоматтандырылған жеделдетілген өңдеу және беру технологияларын, сондай-ақ сауда жүйесіне секундына екіден артық өтінім жіберетін сыртқы бағдарламалық-техникалық жүйелерді пайдалана отырып жасалған биржалық мәмілелерді бұзу тәртібі**

**Алматы қ.**

Осы «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ-ның деректерді автоматтандырылған жеделдетілген өңдеу және беру технологияларын, сондай-ақ биржалық сауда жүйесіне секундына екіден артық өтінім жіберетін сыртқы бағдарламалық-техникалық жүйелерді пайдалана отырып жасалған биржалық мәмілелерді бұзу тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Биржалық сауда ережелерінің талаптарына сәйкес әзірленген және сауда роботтарын пайдалануды анықтау тәртібін, сондай-ақ оларды қолдана отырып жасалған стандартталған тауарлармен биржалық мәмілелерді бұзуды айқындайды.

## 1-бап. Жалпы ережелер

**1.1.** Осы Тәртіптің мақсаттарында мынадай анықтамалар мен терминдер қолданылады:

<b>Әкімші –</b>	Сауда жүйесін әкімшілендіру функцияларын орындауға уәкілетті Биржаның штаттық қызметкері. выполнение функций администрирования Торговой системы.
<b>Биржа –</b>	«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» акционерлік қоғамы. «Евразийская Торговая Система».
<b>Сауда департаменті –</b>	Биржаның сауда секцияларындағы биржалық саудаларға қатысуы бойынша аккредиттелген брокерлер мен дилерлерді сүйемелдеуге жауапты Биржаның құрылымдық бөлімшесі. секциях Биржи.
<b>Тауарды сату (сатып алу) өтінімі/ Өтінім –</b>	Сауда қатысушысының Тауарды сату (сатып алу) туралы ұсынысы (оферта) немесе Биржалық сауда ережелеріне сәйкес Сауда жүйесінде Тауарды сатып алу-сату мәмілесін жасасу үшін қажетті барлық шарттарды қамтитын, Тауарды сатып алу (сату) ұсынысын қабылдау туралы Сауда қатысушысының хабарламасы (акцепт).
<b>Клирингтік орталық –</b>	«ЕСЖ Клирингтік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. «Клиринговый центр ЕТС»

<b>Биржалық сауда ережелері</b>	ҚР биржалық тауар нарығын реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы бекіткен және Биржаның www.ets.kz интернет-ресурсында орналастырылған қолданыстағы Биржалық сауда ережелері.
<b>Жұмыс станциясы –</b>	Сауда қатысушысының Сауда жүйесіне қашықтан қолжетімділігін қамтамасыз ететін және Трейдерге Сауда жүйесінде: Өтінімдерді жариялауға (өзгертуге, жоюға), мәмілелер жасасуға, Биржаның ашық ақпаратын алуға және Биржалық сауда ережелері мен басқа нормативтік құжаттарға сәйкес Сауда қатысуы үшін қажетті өзге де әрекеттерді жасауға мүмкіндік беретін бағдарламалық және аппараттық құралдар жиынтығы. Өтінімдерді жариялау, мәмілелер жасасу, Биржаның ашық ақпаратын алу және Сауданы Биржалық сауда ережелеріне сәйкес жүргізу үшін қажетті өзге де әрекеттерді жасау, Биржалық сауда ережелері мен Биржаның басқа нормативтік құжаттарына сәйкес Сауда қатысуы үшін қажетті.
<b>Мәміле –</b>	Мәміле жасасушы тараптардың жарияланған Өтінімдері негізінде Сауда жүйесінде жасалған биржалық мәміле.
<b>Сауда роботтары</b>	Сауда жүйесіне секундына екіден артық өтінім жіберетін деректерді автоматтандырылған жеделдетілген өңдеу және беру технологиялары мен сыртқы бағдарламалық-техникалық жүйелер, өтінімдерді ұсыну және мәмілелер жасасу үшін. Биржалық сауда –
<b>Сауда жүйесіне берілген өтінімдер негізінде Тауармен мәмілелер жасасуға бағытталған Биржалық сауда ережелері шеңберінде жүргізілетін үдеріс.</b>	процесс, проводимый в рамках Правил биржевой торговли, направленный на совершение сделок с Товаром на основе заявок, поданных в Торговую систему.

<b>Сауда жүйесі –</b>	Биржалық сауданы жүргізу үшін қажетті және биржалық мәмілелер жасасу үдерісін, сондай-ақ ақпаратты жинауды, сақтауды, өңдеуді және ашуды автоматтандыруды қамтамасыз ететін Биржаның есептеу құралдары, бағдарламалық қамтамасыз ету, деректер базалары, телекоммуникациялық құралдар және басқа жабдықтардың кешені.
<b>Сауда қатысушысы –</b>	Биржаның сауда секцияларында аккредиттелген, Клиенттерінің тапсырмасы бойынша және есебінен Тауармен мәмілелер жасасатын брокер немесе өз мүддесінде және өз есебінен Тауармен мәмілелер жасасатын дилер.

	интересах и за свой счет.
--	---------------------------

Тәртіпте пайдаланылатын өзге де анықтамалар мен терминдер Биржалық сауда ережелеріне, ҚР өзге де заңнамасына, Биржаның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес түсіндіріледі.

**1.2.** Биржалық сауда ережелерінің талаптарына сәйкес Биржа мүшелеріне деректерді автоматтандырылған жеделдетілген өңдеу және беру технологияларын, сондай-ақ сауда жүйесіне секундына екіден артық өтінім жіберетін сыртқы бағдарламалық-техникалық жүйелерді өтінімдерді ұсыну және мәмілелер жасасу үшін пайдалануға тыйым салынады.

Осындай технологияларды пайдалана отырып жасалған мәмілелер жарамсыз деп танылады және Биржамен бұзылуға тиіс.

**1.3.** Деректерді жинаудың, өтінімдерді енгізуге дайындаудың және оларды сауда жүйесіне жіберудің автоматтандырылған бағдарламалық-техникалық құралдары, сондай-ақ сауда жүйесінен ақпаратты алу және өңдеу, оны пайдалана отырып жасалған барлық әрекеттерді Биржа мүшелерінің бақылауын қамтамасыз ететін режимде жұмыс істеуі, Биржаның шешімімен сертификатталады.

**1.4.** Биржа сертификаттамаған осындай бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдалана отырып Сауда қатысушыларының жасасқан мәмілелері жарамсыз деп танылады және Биржамен бұзылуға тиіс.

## **2-бап. Сауда роботтарын пайдалануды анықтау және тіркеу тәртібі**

**2.1.** Биржаның Сауда жүйесіне кіруге «ETS Plaza Workstation» клиенттік терминалының 1.96.1.16-дан кем емес нұсқасын пайдалана отырып ғана рұқсат етіледі.

**2.2.** Әкімші әр сауда сессиясы басталмас бұрын қосылған клиенттік терминалдардың нұсқаларын бақылауды жүзеге асырады.

**2.3.** Биржа сертификаттамаған технологияларды, оның ішінде сауда роботтарын Сауда жүйесіне өтінімдерді беру үшін пайдалануды анықтауды Әкімші жүргізеді.

**2.4.** Анықтау Сауда жүйесінің транзакциялар журналын Әкімші тарапынан мерзімді мониторинг жасау және үздіксіз талдау негізінде жүргізіледі.

**2.5.** Бұзушылықты тіркеудің негізі сауда қатысушысының бір жұмыс станциясынан Сауда жүйесіне секундына екіден артық берілген транзакциялардың болуы, сондай-ақ Сауда қатысушысының Биржа сертификаттамаған технологияларды пайдаланғанын анықтау болып табылады.

## **3-бап. Сауда роботтарын пайдалана отырып жасалған мәмілелерді бұзу тәртібі**

**3.1.** Сауда роботтарын, Биржа сертификаттамаған технологияларды

пайдалану фактісі анықталған кезде Әкімші Сауда департаментінің уәкілетті қызметкерін оқиға туралы корпоративтік электрондық пошта арқылы хабардар етеді. Хабарламада сауда қатысушысының коды, жұмыс станциясының коды, сауда роботтарын пайдалану фактісін растайтын журнал үзіндісі және болған жағдайда осы жұмыс станциясынан жасалған мәмілелердің кодтары/сертификатталмаған технологиялар туралы ақпарат болады.

**3.2.** Сауда департаментінің уәкілетті қызметкері бұзушының жұмыс станциясынан жасалған мәмілелер болған жағдайда Биржа басшылығын жарамсыз деп танылатын және Биржалық сауда ережелерінің талаптарына сәйкес бұзылуға тиіс мәмілелердің коды, жұмыс станциясының коды, сауда қатысушысының коды көрсетілген қызметтік жазбамен хабардар етеді.

**3.3.** Осы қызметтік жазба негізінде Биржа Басқармасы жарамсыз деп танылған мәмілелерді бұзу туралы шешім шығарады және кінәлі тарапқа (тараптарға) мынадай тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылады:

- сауда роботтарын/сертификатталмаған технологияларды пайдаланудың алғашқы фактісі кезінде бұзушыға жасалған биржалық мәміле бойынша биржалық комиссия мөлшерінде айыппұл санкциялары қолданылады;

- сауда роботтарын/сертификатталмаған технологияларды пайдаланудың қайталама фактісі кезінде бұзушыға жасалған биржалық мәміле бойынша биржалық комиссия мөлшерінде айыппұл санкциялары, сондай-ақ Биржадағы аккредитациясын алты ай мерзімге тоқтата тұру қолданылады.

**3.4.** Биржа Басқармасының шешімі Биржаның жауапты қызметкерлеріне және Клирингтік орталыққа жеткізіледі.

**3.5.** Биржа Басқармасының шешімі негізінде Клирингтік орталықтың жауапты қызметкері «Ескертпе» өрісіне осындай мәміленің жарамсыздығы туралы ескертпе қосады және осы мәміле бойынша биржалық қамтамасыз етуді екі тараптан да босатады.

**3.6.** Сауда департаментінің уәкілетті қызметкері бұзушылықтармен жасалған мәмілелер бойынша сауда қатысушыларын олардың бұзылғаны және бұзушыларға қолданылған тәртіптік ықпал ету шаралары туралы хабардар етеді.

**3.7.** Биржаның бухгалтериясы бұзушы брокерге/дилерге айыппұл төлеу шотын ұсынады.

**3.8.** Сауда департаментінің уәкілетті қызметкері комиссия өндіріп алу туралы деректер беру кезінде бұзылған мәмілелерді есепке алмайды.

комиссия өндіріп алу туралы деректерді беру кезінде есепке алмайды. Бұзылған мәмілелердің барлық деректерін мерзімін шектемей бұзылған мәмілелер тізіліміне сақтайды.

#### **4-бап. Өтпелі ережелер**

4.1. Осы Тәртіппен реттелмеген мәселелер Биржалық сауда ережелерінің және Биржаның өзге де ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне сәйкес шешіледі.